

**«Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша  
білім бөлімі Майшұқыр ауылының негізгі орта мектебі» КММ  
жанындағы «Әсем» шағын орталығының 2024-2025 оқу жылының оқу  
жоспарына арналған**

**ТҮСІНІК ХАТ**

Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Майшұқыр ауылының негізгі орта мектебі» КММ жанындағы «Әсем» шағын орталығының оқу жоспары Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы», мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 ж. Өзгерістерімен), ҚР БҒМ-нің нормативтік-құқықтық құжаттары негізінде жасалды.

Мақсаты:

- Балалардың жас ерекшеліктеріне сай жан-жақты дамуына жағдай жасау
- Мектепке даярлық деңгейін қалыптастыру
- Тұлғаның шығармашылық қабілеттерін, танымдық қызығушылығын арттыру
- Әлеуметтік – эмоция дағдыларын дамыту

Міндеттері:

- Балалардың денсаулығын нығайту, қозғалыс бенсенділігін арттыру
- Қатынас, таным, шығармашылық, әлеуметтік орта білім салалары бойынша кешенді дамыту
- Мемлекеттік тілде қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру
- Ата-аналармен бірлескен жұмысты жүйелі ұйымдастыру

Ерекшеліктері:

- Шағын орталықтың оқу процесі ойын арқылы оқытуға негізделген
- Бір топта әртүрлі жас ерекшелігіндегі балалар (3-5 жас) біріктіріледі
- Оқу жүктемесі санитарлық нормаларға сәйкес белгіленген
- Балаларға арналған оқу іс – әрекеттері қысқа уақыттық қызықты әрі дамытушы сипатта өтеді
- Апталық жоспар \*дене шынықтыру, көркем әдебиет, сурет салу, музыка, математика элементтері, тіл дамыту сияқты бағыттарды қамтиды\*

Күтілетін нәтижелер:

- Балалардың сөйлеу дағдылары дамиды, сөздік қоры байиды
- Қарапайым математикалық түсініктерді меңгереді
- Ұсақ және ірі моторикасы дамиды
- Өзін –өзі күту дағдыларын меңгереді
- Қоршаған ортамен танысады, ұлттық құндылықтарға құрметпен қарайды

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаралына; «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі-Үлгілік оқу жоспарлары); «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқыту бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқыту бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы)

Мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады. Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар

бойынша: - физикалық дамыту; коммуникативтік дағдыларын дамыту; - танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту; - шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс –әрекетін дамыту; - әлеуметтік – эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру арқылы іске асырылады. Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік 10 эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

- 11) Дене шынықтыру
- 12) Сөйлеуді дамыту
- 13) Көркем әдебиет
- 14) Сауат ашу негіздері
- 15) Қазақ тілі
- 16) Математика негіздері
- 17) Құрастыру
- 18) Қоршаған ортамен таныстыру
- 19) Сурет салу (мүсіндеу, жапсыру)
- 20) Музыка

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс әрекеттер берілді.

Ұйымдастырылған іс – әрекет – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту жас кезеңдері мынадай:

Мектепке дейінгі жас 3-5 жастағы балалар аралас топ;

(«Білім туралы» ҚР 30 бабы). Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттері:

- балаларды оқу іс – әрекетін ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру (танымдық белсенділігі, шығармашылық);
- мектепке оқу үшін қажетті болашақ 1 сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталық);
- ұжымдық әрекетте бірлесіп әрекет ету дағдыларына тәрбиелеу (құрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т.б.);
- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;
- баланың мектепке эмоционалды оң көзқарасын, оқуға деген ынтасын дамыту.

Мектепалды сыныптары тәрбиелеу – білім беру қызметін:

- 5) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (Бұдан әрі Стандарт) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарттарына;
- 6) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;
- 7) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары)
- 8) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқыту бағдарламасына (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы).